



Тәуелсіздік тірегі – тарих

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тән қасиеттердің ішінен маған ерекше ұнайтыны – небір күрделі, қайшылықты мәселені кәрі мен жасқа да, білімпаз бен қарапайым еңбек адамына да түсінікті қисынмен, айғақ-дәлелмен оп-оңай дәйектей алатыны. Әңгіме жүздеген тұрғыны бар шағын елді мекендер болашағы туралы бола ма немесе қияндағы АҚШ-пен қарым-қатынас жайына арнала ма, бәрі бір, Елбасымыз әрқайсысының тағдыртәлейін, теориясы мен практикасын әлемдік және ұлттық өзгерістер аясында, бұлтартпас өлшемдер жүйесінде талдауымен күдігінді сейілтеді, құлшынысыңды арттырады. Ұлттың тағдыры мен болашағы төңірегінде өрбіген Ұлытаудағы сұхбат та сан мың отандасымыздың тарихи санасы мен танымына интеллектуалдық серпін бергеніне сенімім кәміл.

Бұл жерде тарихи сана мен танымды бекер ауызға алып отырған жоқпын. Сұхбат басынан аяғына дейін тарихпен өрілген. Бес сұраққа жауаптың бесеуінде де тарихқа тағзым бар. Ұлытауға байланысты жауапта ғұндарды елдігіміздің, қазақ жұртының арғы түбі десе, еліміздің болашағына діннің әсерін қозғағанда Мұхаммед пайғамдар заманынан тартып Құнанбайдың қажылыққа барғанына дейінгі аралықты оймен шолып өтеді. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге келгенде Қазақстандағы ахуалға тоқталумен шектелмей, Англия, Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония, Малайзия, Сингапур елдерінің тарихи тәжірибесін алға тартады, осыдан 70 жыл, 20 жыл бұрын орын алған үрдістерді қаперге салады.

Қысқасы, соңғы үшмыңжылдықтағы әлемдік, отандық тарихи үдерістер мен тәжірибенің бүгінгі, ертеңгі Қазақстанға, азаматтарымызға, әсіресе, жастарға ықпалы, өткенімізбен сабақтастық, жалғастық жаһандануды жатсынбайтынын, қайта ең дамыған мемлекеттер қатарына қосылуға септесетінін жан-жақты ашып берді.

Сұхбатты оқи отырып, терең ой иелері арасындағы үндестікке қайран қалғанымды жасырғым келмейді. Мұнда Елбасымыз: «Ұлытау – өте қасиетті жер», дей келе, кеше ғана пайда бола қалған халық еместігімізді, ғұндардың, көк түріктердің, Алтын Орданың орталығы болған жерде тұрып жатқанымызды жастар білуі керектігін баса көрсеткен ғой! Тап осы ойды айтуға әкелетін деректер, ескерткіштер, пайым-тұжырымдар тәуелсіздікке қолымыз жетпей тұрғанда дүниеден озған ғұлама ғалым Ә.Марғұланның зерттеулерінде тұнып тұрған жоқ па! «Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер» атты еңбегінде Әлекең: «Ұлытау төңірегіндегі тарихи белгілер негізінде мал шаруашылығымен айналысқан

ежелгі ұлыстардың тұрмысын ашық суреттеп, олардың өткендегі рухани тіршілігінен жаратылысқа табыну, аспанның қаһарлы күшінен (жай, найзағай) қалай қорыққаны турасынан көп байтақ мәлімет береді», «Ел билеген қолбасылардың мүсіндері әрі үлкен, әрі ауыр, әрі сәнді, оның үстіне сапалы тастардан жасалған. Бірақ бұларда қисынсыз асыра суреттеу, не фантазия сілемі жоқ, тарихи заманның мүсіншілері сол кезде жасаған адамдардың өз бейнесін жасауға, оның өзіне тән ерекшеліктерін көрсетуге тырысқан», деген жолдарды жазыпты.

Кеудесін кернеген мақтанышын жасырмай тұр, бірақ осыны ұрпағымызға оқытайық деуге тоталитарлық қысым мұрсат бермеді. Сыртқа шықпаған асыл арманды тәуелсіз еліміздің Президенті айта алды.

Сұхбат Қазақстан тарихын зерттеу мен оқытудың, насихаттау мен ұлықтаудың үздіксіз жүзеге асуына бағыт сілтейді. «Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз», деген сөздерден өз басым қалың қатпарлы міндеттер жүгін көремін. Біріншіден, сырт күштің өктемдігімен ғасырлар бойы айтылмай келген ақиқатты, тарих ақиқатын қалпына келтіру күн тәртібінде тұр. Екіншіден, ұлттық тарихымыздың шын мағынасында «өте бай» екенін әлемдік тарих қазынасымен салыстыра-шендестіре, кешенді, жүйелі, бай деректік негізде зерделеумен ашқанда ғана діттеген мақсатымызға жетеміз. Үшіншіден, Қазақстан тарихшыларының үздік зерттеулерін ағылшын тіліне аударып, жаһандық ақпараттық, ғылыми, біліми кеңістіктегі өз орнымызды, өз үнімізді, өз болмыс-бітімімізді, мақсатмүддемізді паш етсек, алыс-жақын халықтармен түсінісуіміз, интеграциялану барысы үдеуі бек мүмкін ғой.

Сұхбатпен танысқан жан отандық тарих ғылымы алдында ұлан-ғайыр міндеттер тұрғанына көз жеткізеді. Оның хронологиялық ауқымы қазақ даласында өркениет ошағы пайда болғаннан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырған күнге дейінгі аралықты алып жатыр.

Президент үдесінен шығудың негізгі алғышарты, менің ойымша, елдегі ғылыми күштердің үйлесімді, жоспарлы, мақсатты-нысаналы ісәрекеті мен ізденісіне қол жеткізу болып табылады. Бұл орайдағы маңызды қадам – ұлттық және әлемдік тарихты зерттеудің жаңа тұжырымдамасын түзу. 1995 жылы академик М.Қозыбаевтың басшылығымен Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы даярланып, қабылданған еді. Тұжырымдамада тарих білімінің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты мәселелері мен оларды шешудің мүмкін бағыттары, тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалау жолдары дәйектелді. Артта қалған жылдар ішінде қозыбаевтық тұжырымдама талаптары негізінен атқарылды.

Болжамды жаңа тұжырымдама тарих ғылымы саласындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының көрінісі әрі үлгісі болуы қажет. Алдағы 30- 35 жылға, кем дегенде 15 мамандық бойынша отандық тарих ғылымының үлкенді-кішілі нәтижелерін, даму үрдісі мен заңдылықтарын, белестері мен болашағын, алынатын межелерді айқындауы, билікпен, қоғамдықгуманитарлық ғылымдармен, әлемдік ой-санамен байланысын, археология, этнология, антропология, деректану мамандықтарының жаратылыстану ғылымдарымен ықпалдастығын, кадрлық әлеуетін тайға таңба басқандай сипаттағаны керек.

Қазақстанның тарих ғылымы әлемдік интеллектуалдық бәсекеге батыл араласатын уақыт келді. Жаңа тұжырымдаманың мақсаты да, түп көздегені де отандық тарих ғылымын жаңа саяси бағыттың алдыңғы шебіне шығару болғаны жөн. Жаһанданумен жағаласа жүріп, ең дамыған 30 елдің қатарына кіруге бет түзеген Қазақстан отандық тарих ғылымын елішілік міндеттерге жегумен қанағаттанса, кеңестік дәуірдің қателігін қайталауға ұрынады. Тағдыр бізге екі алпауыт мемлекетпен көрші болуды жазған екен. Енді, осылардағы әріптестерді ортақ ғылыми жобаларды бірлесе орындауға тарта білсек, берісі – әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығымыз шындалады, әрісі – шетелдік кітапханаларда, музейлерде, мұрағаттарда жатқан белгілі-белгісіз құжаттар мен деректерге қолымыз жетуі

бек мүмкін. Көршінің тарихын білу – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты. Әрине, реті келіп жатса, алыс шетелдердегі – Еуропадағы, Америкадағы, Жапония мен Кореядағы тарихшы ғалымдар қауымы мен де ортақ ізденіс жүзеге асырылса, қанекей.

Билік пен ғылыми зиялы қауым арақатынасы әрқашан сыңғырлаған сәйкестік пен үйлесім бола бермейтінін жұрт біледі. Екеуі тонның ішкі бауындай кірігіп кеткеннен де, бірінен бірі тым алшақтап, дүрдаразданғаннан да пайда жоқ. Ең дұрысы – теория мен практиканың сұранысына орай билік тарапынан ғалымдарға тапсырыс беру, тапсырысты орындауға қажетті жағдай жасау. Ал ғалымның миссиясы – жаңалық ашу, ақиқатқа қол жеткізу, шын мағынасындағы инновациялық ілгерілеуді қамтамасыз ету. Қанша жерден ғылыми атақ-дәрежеге ие болғанмен, билік өкілдері ғылыми зиялы қауымға тиесілі міндетті атқара алмайды, ал ғалымдар ел таныған білімпаз болғанымен билікке тән функцияларды жауапкершілігіне алуы мүмкін емес. Қысқасы, ұлттық тарихты зерттеу тұжырымдамасы билік пен ғылым арасындағы тепе-теңдікті, ынтымақ пен ықпалдастықты сақтайтын келісімшарт орнына жүру керек.

Саясат пен шығармашылық еңбек салаларын қозғағанда, тәуелсіз мемлекеттер достастығы тарихынан ортақ оқулық жазу мәселесін аттап кетуге болмайды. Бұл тақырыпты Ресей саясаткерлері мен ғалымдары жиі көтеруде. Бірден айтарымыз – өте күрделі әрі ертеңгі салдарын болжау қиын бастама. Ресей мен Қазақстан тарихынан ортақ оқулықты түзу даудамайға айналып кетсе, тарихи сананы қалыптастыру ғана емес, еларалық қатынас ушығуы мүмкін.

Дегенмен, ат-тонымызды ала қашпай, Ресей бастамасына жауапкершілікпен қарауға, тіпті, соған қарай бірінші қадам жасауға талпынған жөн. Себебі, XVIII ғасырдан беріде қилы ахуалмен тағдырымыз тоғысқаны рас. Үш ғасырға жуық созылған отарлау мен кеңестік модернизация тарихын біздің қабылдауымыз бен олардың қабылдауы қабыспайтыны да рас. Әлемдік тәжірибені қаперге ала отырып, ортақ тұжырым, шешім, дерек пен дәйек іздесек, алғашқыда жекелеген іргелі үдерістер мен кезеңдерді бірлесе зерделесек, қазіргі бұрмалаулардан арылып, ақиқаты басым бірыңғай тарихи кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік артады.

Сұхбат Қазақстандағы тарих ғылымының бүгіні мен ертеңіне айрықша назар аударды. Осы сыннан сүрінбей өту үшін тарихшы ғалымдарға біліктілік пен бірлік, ізденіс пен ізгілік, мемлекетшілдік пен отан сүйгіштік керек. Бұл қасиеттер қаражатты қажетсінбейді. Олар ақылмен, жүрекпен, қайратпен, ел тағдырымен біте қайнаған. Елбасының сөзімен айтсақ, «Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңді, шешенді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан, тарихыңды білген жөн. Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр». Ендеше, тарихқа тағзым – Отанға қызметтің бір парасы. Тарих – тәуелсіздік тірегі.

Ханкелді ӘБЖАНОВ

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА
корреспондент-мүшесі.